

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## 320 ОТБАСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ШЫҒЫНЫ ӨТЕЛІП, БАСПАНАЛАРЫН ЖӨНДЕУГЕ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҚАРАТАЛ, ЕКПЕТАЛ АУЫЛДАРЫ КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕКТІ. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҮЙЛЕРІ СУҒА КЕТІП, КЕЙБІР ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҮЙІ ТҰРУҒА ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БҮГІНДЕ ЖАҢА ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚЫЗУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.



Жалпы Берсиев ауылдық округінде 234 үй бар. Оның 18-і қайта жөндеуге жарамды деп танылса, қалғандарының орнына жаңа үйлер салынады немесе дайын үйлер сатып алынады. Бүгінгі күні Екпетаал ауылы және Қаратал ауылының тұрғындарына өз келісімдері негізінде аудан орта-

лығында жасақталған жерден жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп жатыр. Қазіргі таңда 93 отбасы өзара шартқа қол қойып, тұрғын үйлі болды. Солардың бірі, қараталдық Назгүл Өтепова аудан орталығынан жаңа қонысқа ие болды. Жарамсыз болып қалған үйі 14 млн теңгеге бағаланған. Таңдауы

түскен тұрғын үй - аудан орталығында аурухана, мектеп, саябақ жанында орналасқан. Өзінің және отбасының көңілінен шығып, баспаналы болғаны үшін өз ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Айта кетейік, тасқыннан зардап шеккен 350 отбасыға 129 млн 220 мың теңге көлемінде

біржолғы әлеуметтік төлем төленді. Сондай-ақ, материалдық шығын және баспанасын жөндеуге қаржыны 320 отбасы алды. Жалпы аудан көлемінде көктемгі су тасқынынан зардап шеккендерге жан-жақты қолдау шаралары жалғасып жатыр.

## ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІН ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕМІЗ?

### ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ



Құрбан айт-мұсылмандардың Ұлық мерекесі. Ол күні Алла разылығы үшін мал шалынып, ақ түйенің қарны жарылады. Қажылық өтеушілер қабаға жүзін қаратып, Арафатта жалбарынып дұға оқиды. Құрбан араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауапты істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Құран көрімде Кәусар сүресі 3 аятта «намаз оқы, және құрбан шал»-деп бұйрық келген. Пайғамбар хадисінде «Адам баласы құрбан айт күні Алла Тағалаға құрбан шалып қан ағызудан да сүйікті басқа іспен жақындаған емес». Құрбандық шалу-тек мал бауыздау емес, онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да

сынға түседі Мұсылман адам қара бастың қамын ғана ойламауы тиіс. «Өзіңе деген жақсылықты басқаға да тілемейінше, шынайы мұсылман бола алмайсың» деген хадисте. Айт намазын оқығаннан кейін, құрбан шалып, етін тиісті адамдарға таратады. Айт күні көрші-қолаң, туыс туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» - деп көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді ренжіскен кісілер қайта табысып, ауырып қалған адамдардың көңілін сұрап, мұң-мұқтаждарға қол үшін беріп, сый-сияпат жасап ерекше өткізуге болады. Айт намазы маусым айының 16 күні сағат таңғы 6:30да оқылады. Аллах Тағала шалатын құрбандықтарымызды ниеттерімізді қабыл етсін.

Ойыл аудандық орталық мешітінің имамы  
Майлыбаев Н.А

## «РӘМІЗДЕР ЕЛДІГІМНІҢ РЕҢІ, ТЕҢДІГІМНІҢ ТІРЕГІ»



Егеменді еліміздің жер бетіндегі басқа тәуелсіз елдермен терезе теңестіріп, азаттық таңын атырғалы да 32 жыл уақыт болып отыр. 1991 жылы Қазақстан Республикасы КСРО құрамынан еншісін алып, өз тәуелсіздігін жариялағанда мемлекет басшысының алдында біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы бейнелейтін рәміздерді таңдау міндеті тұрды. Сондықтан, Елбасы мемлекеттік рәміздерді дайындау үшін арнайы байқау жариялады. Жоғарғы Кеңестің талқысына түскен мыңдаған жобаның ішінен бүгінгі қолданыстағы рәміздер халық қалаулыларының таңдауына арқау болған туындылар. Арада алты ай өткенде комиссияға ұсынылған жобалардың ішінен Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлихановтардың Елтаңбасы мен Шәкен Ниязбековтің Туы жеңімпаз атанды.

Сол уақыттан бері біздің көк туымыз елемнің әр түпкірінде салтанатты сәттерде желбіреп, кеудеміздегі қуанышты кернеп әнұранымыз асқақтады...

1992 жылғы 4 маусымда Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітіл-

се, 2007 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң қабылданды. Осы Заңға сәйкес, жыл сайын 4 маусым Қазақстанда Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленіп келеді. Осы атаулы күн қарсаңында орталық саябақта «Рәміздер елдігіміздің реңі-теңдігіміздің тірегі» атты мерекелік салтанатты шара өтті. Мерекеге орай аудан тұрғындары Мемлекеттік Гимнді бір мезгілде орындау республикалық акция аясында сағат 10:00-де Қазақстан Республикасының Гимнін орындады. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев барша ойылдықтарды айтулы мерекелену құттықтап, Туымыз тұғырлы, Елтаңбамыз еңселі болып, Әнұранымыз асқақ шырқалсын деген тілек-тестігін білдірді. Шара соңында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық әндерін орындады.

P.S. СОНДАЙ-АҚ, МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ВЕЛОШЕРУ ӨТКІЗІЛДІ. ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТАН БАСТАУ АЛҒАН ВЕЛОШЕРУДЕ АУДАН ЖАСТАРЫ ЕЛІМІЗДІҢ ТУЫН ЖЕЛБІРЕТІП ЖОЛМЫРЗАЕВ КӨШЕСІМЕН ЖҮРІП ӨТТІ.

## ӨЗЕН ЖАҒАСЫНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ - ӨЗІМІЗ ҮШІН КЕРЕКІ!



Мемлекет басшысының тапсырмасымен бес аптаға созылған Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Ойыл ауданында да

мәресіне таяды. Әр аптаның атауына сәйкес «Таза өлке» атты алғашқы аптада елді мекендердің тұрғындары, қоғам қайраткерлері, ұйымдардың

қызметкерлері өз аумағындағы аулаларды тазаласа, «Киелі мекен» аптасы тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыруға ар-

налды. «Жасыл аймақ» деген атау берілген үшінші аптада көшет отырғызу, ағаштарды өктеу жұмыстары жүргізілді. «Өнегелі ұрпақ» атты акцияның төртінші аптасында ардагерлердің аулалары мен қарттар үйінің аумағын тазалау, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. «Мөлдір бұлақ» атты акцияның қорытынды аптасында өзендер мен көлдер қоқыстан тазартылды. Акцияға Ойыл ауданының жұртшылығы да өз үлестерін қосып, тазалық жұмыстарына белсене атсалысты. Ойыл өзенінің аңғарын тазалаған мекеме қызметкерлері табиғатқа жанашыр болу бәрімізге міндет деп, су жағасындағы «демалыстың» салдарынан жиналған қоқыстарды жинап, арнаулы орындарға төкті.

## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2024

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ  
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3292,42

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

4971,92

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

2812,42

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

## ҚҰРБАН АЙТ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕРЕКЕСІ!



Мұсылман жұртшылығының асыға күткен қасиетті меркесі Құрбан айт үстеміздегі жылдың 16,17,18 маусым күндеріне келеді.

**Құрбан** - араб тілінде «жақын-дау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал шарияттағы терминдік мағынасы — «шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Құрбандық шалудың мәнісінің кеңдігін ұғыну үшін діннің не екенін, құлшылықтың не үшін жасалатынын жақсы білген жөн. Мына кең-байтақ ғаламды жаратқан құдіретті Ие жер бетіндегі саналы пенделерін бекерге жаратпаған. Олардың қоғам құрып, дұрыс өмір сүруі үшін тура жол көрсетіп дін жіберген. Қасиетті кітабы Құранда «Мен жандар мен адамдарды (Мені танып), маған ғана құлшылық жасауын деп жараттым» (Зариат сүресі, 56-аят) деп білдірген. Демек, құлшылық жасаудың түп мәні — Жасаған Иенің жарлығына бағыну, разылығына ұмтылу, сауап жинау.

Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пенделілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Мұсылман адам қара бастың қамын ғана ойламауы тиіс. Өзім ғана ішсем, жесем, өзім тоқ болсам болды, басқалар не болса ол болсын деген түсінік оған жат. Өйткені «Көршісі аш кезде өзі тоқ түнген адам бізден емес», «Өзіңе тілеген жақсылықты басқаға да тілемейінше шынайы мұсылман бола алмайсың», «Мұсылмандар бір дене тәрізді, бір жері ауырса, басқа мүшелерінің де мазасы кетіп, ұйқысы қашады» деген. Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистері күллі мұсылман жұртшылығын бір-біріне жанашыр болуға, қамқорлық жасауға, қиналғандарға көмектесуге, жағдайы нашарларға қарасуға, өзара мейірімді болуға шақырады.

#### ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ҮКІМІ

Жағдайы бар адам құрбан айтта құрбандыққа мал шалу - Ханафи мәзһабында (шамасы жеткендерге ғана) уәжіп. Уәжіптің аят-хадистердегі дәлелдері төмендегідей: Алла тағаланың Құран Кәрімде: «Намаз оқы және құрбан шал» — деп бұйыруы құрбан шалудың уәжіптігін білдіреді. Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Құрбан шалыңдар! Өйткені ол Ибраһим бабаларыңның сүннеті», - деуі құрбан шалудың уәжіптігіне қайшы емес. Өйткені хадисте айтылған «сүннет» — жол деген мағынаны білдіреді. Яғни, бізге уәжіп ретінде міндеттелген құрбан шалу — Ибраһимнің (а.с.) жалғаса келген жолы деген мағынаны меңзейді.

#### ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ КІМДЕРГЕ ҮЖІП?

Төмендегідей төрт шартқа ие жандарға құрбан шалу уәжіп (міндет):

1. Мұсылман болуы;
2. Ақылды және балиғат жасына толуы;
3. Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы;
4. Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы.

Нисап мөлшері - 85 грамм алтын яки соның құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадатты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны секілді, тек қана еті үшін де союға болады. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат.

Құран Кәрімде өзара таласқан Абыл мен Қабилдың кімнің ақтығын анықтау үшін құрбандық мал шалғандары, соның да Абылдың құрбандығының қабыл болғандығы айтылады. Осы оқиғадан бастау алған құрбандық шалу Аллаға ғибадат ретінде Жаратқанның елшілері арқылы жүздеген жылдар бойы жалғасып, Ибраһим (а.с.) мен Исмаилдың (а.с.) дәуірінен бүгінгі біздің дәуірімізге дейін келіп жетті.

#### НИЕТТІҢ ДЕ САУАБЫ БАР

Мұсылман адам амалымен жете алмайтын сауапқа ниеті арқылы жетеді. «Өркімнің ісі ниетіне қарай бағаланады. Мүминге ниеттенген нәрсесінің сауабы беріледі» және «мүминнің ниеті амалынан қайырлы» деген секілді хадистер қай істе де мұсылман баласын ниетін таза ұстауға шақырады. Сол себепті құрбандық шалуға шамасы жоқ мұсылмандар: «Раббым, мүміндік нәсіп еткенімде мен де құрбандық шалар едім», - деген ниетте болса, мейірімді Раббымыз оған да құрбандық шалған жанның сауабындай сауап жазады.

#### НЕГЕ «АРАПА» ДЕП АТАЛҒАН?

Арапа күнінің уақыты — зұл-хиджа айының тоғызы, яғни құрбан айттан бір күн бұрын. Бұл күні қажылық парызын өтеуге барған кісілер түс ауғаннан кейін кеш батқанша Арафат тауына бір мезет тұрақтайды. Ал қажылық барысында құрбан айт күнінің бір күн нәпіл ораза тұтып, келер күні айт намазына дайындық шараларына дайындалады. «Арапа» араб тіліндегі "білу", "түсіну" деген мағынаға саятын «ъарафа» етістігінен шыққан. Бұл күннің «арапа» деп аталуының себебі, зұл-хиджа айының сегіз күні Ибраһим пайғамбар түсінік құрбандыққа баласын Исмаилды шалу жайында түс көреді. Алғашқыда көрген түсін «жәй түс пе елде аян ба» деп ойлаған Ол, ертесіне (айдың тоғызына) тағы көреді. Осыдан кейін оның Алладан келген аян екенін біледі. Осы себепті бұл күнді «арафа (арапа)» деп атап кеткен деседі. Арафа күні қажылыққа бар-

маған кісінің ораза ұстап, нәпіл намаздар оқып, Алладан дұға тілеуі сауапты. Өйткені Сахих Муслимде риуаят етілген бір хадисте ардақты Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «...Арапа күні ораза үшін өткен жылғы және келер жылғы (екі жылдық кіші) күнелерін кешіруді Алладан үмітпен тілеймін...», — деп бұл күнді оразаның маңыздылығын баса айтуда.

Тағы бір хадисінде: «Дұғалардың ең қайырлысы — арап күні жасалған дұға...», — деген. Ендеше, Зұл-хиджа айының алғашқы он күнінде оның ішінде арапа күні сауапты амалдарды көптеп орындаған дұрыс.

Біздің елде арапа күні ертесі болатын айт күніне шөлпек-бауырсақ пісіріп, дастархан әзірлігі жасалып жатады. Сонымен қоса, бір күн ораза ұстағанда дұрыс болады.

#### ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНАТЫН МАЛДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез-келген мал құрбандыққа жарамайды. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болуы қажет:

1. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар жарамды. Ал, үйрек, қаз тауық, түйетауық, елік секілді т.б. аң-құстар құрбандыққа жарамсыз. Бұларды құрбандық ретінде шалу харамаға жақын мәкрүһ болып табылады. Өйткені мұнда мәжусиларға (отқа тәбиғи шалынатын) еліктеушіліктің нышандары бар. Қой, ешкі, сиыр және түйенің еркектері де, ұрғашылары да құрбандыққа жарамды.

2. Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен алты айлы қозы бір жасар қой секілді ірі, қонды болса құрбандыққа жарамды. Ал ешкінің міндетті түрде бір жасқа толған болуы қажет. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады.

3. Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Оның бойында құрбандық ретінде шалуға кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы қажет.

4. Құрбандық мал ғибадат ретінде бауыздалуы шарт. Шын мәнісінде Алла пенделердің құлшылығына да, құрбандық шалуына да зәру емес. Құрбан шалудың бізге мәлім әрі беймәлім көптеген пайдалары мен хикметтері бар. Дегенмен негізгі мақсат — Алла тағаланың разылығына бөлену. Мал шалғанда пенделердің ниетінің негізге алынатындығы Құран Кәрімде былайша баяндалған: **«Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да өшкәшан Аллаға жетпейді. Оған жететін жалғыз нәрсе — жүректеріңізге ұялаған тақуалық, Аллаһқа деген құрмет»** (Хаж сүресі 37).

#### МАЛДЫ ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМСЫЗ ЕТЕТІН КЕМШІЛІКТЕР

Екі немесе бір көзінің соқыр болуы;  
Бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, көтерем болуы;

- Екі құлағының не бір құлағының басым бөлігінің жоқ болуы;
- Тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған болуы;
- Қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен сынып қалған болуы;
- Желін ұшының түсіп қалуы;
- Құйрығының жартысы немесе үштен бір бөлігі кесілген болуы;
- Жілігі майсыз, ауру болуы;
- Тумысынан құлағы мен құйрығының болмауы;
- Жетекке көнбейтін және үйірге қосуға жарамайтындай немесе жем беруі қиын тентек болуы;
- Ауру екендігі анық белгілі болуы.

Құрбандық шалуға ниеттенген адамның, сатып алған малында жоғарыда аталған кемшіліктер сатып алғаннан кейін пайда болса, орнына басқа мал алып бауыздағаны абзал. Алайда жағдайы төмен жандарға сатып алған құрбандық малында жоғарыда аталған кемшіліктер пайда болса, орнына басқасын алудың қажеті жоқ. Алғашқы құрбандық ретінде бауыздай беруге болады. Тіптен осындай кемшілігі бар малды сатып алып құрбан ретінде бауыздауына да болады. Себебі жоқ-жітік жанға құрбандық шалу — нәпіл ғибадат болып саналады. Ал нәпіл ғибадаттар үшін дінімізде кеңшілік пен жеңілдік бар.

#### ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ЖӨН-ЖОБАСЫ

Мұсылман - Алла Тағалаға толықтай мойынсұнған жан. Сондықтан да Раббысына жасайтын ғибадатын өз ойына жасамай, Алланың белгілеген ережелері негізінде жасайды. Бұл жайлы Құран Кәрімде: **«Кімде-кім Алланың нышандарын (белгілерін) ұлықтаған болса құдіксіз бұл жүректені тақуалықтан»**, деп айтылады (Хаж сүресі 32). Сондықтан да Алла Тағала мен берген нәрсе біздің де көңіл бөлуіміз өте маңызды.

Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«...Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын»**, - деген мына бір хадисінің астары терең. Мүмкін болса құрбандық шалатын жан өз құрбандығын әзі шалғаны - мұстахаб (ұнамды іс). Дегенмен өкілеттік беру арқылы басқа адамға да бауыздатуға болады. Құрбандық шалатын жанның мұсылман болғаны абзал.

#### ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛҒАН КЕЗДЕ ТӨМЕНДЕГІ ЖӨЙТАРҒА ДА НАЗАР АУДАРҒАН ЖӨН:

- Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу;
- Құрбан шалатын жерге малды ұрмай-соқпай апару;
- Құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу;
- Құрбан шалатын адам малды қинамай жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі керек. Малдың көзінше жалаңдатып пышақ қайрауға болмайды. Пышақ өткір болуы тиіс;
- Малды құбылаға қарата жатқызғаннан кейін оң қолымен «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп бауыздайды. Құрбандық малды басқа адамға бауыздатқан кісі мал бауыздалып жатқанда «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп қосса айтқаны жөн;
- Малдың жаны бойынан толық шығып болғанға дейін оның терісін сыпыруға болмайды;
- Малдың қаны толық ағып біткенше күтіледі;
- Құрбан шалғаннан кейін сол маңайдың тазалығына да көңіл бөлу керек. Құрбандық шалудың уақыты туралы Ғибадат Алла Тағала талап еткен, белгіленген мезгілде және орында жасалуы шарт. Сондықтан құрбанның дұрыс болуы үшін діни тұрғыдан оның белгіленген уақытта ба-

уыздалғаны жөн.

Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

Жарықтандыру жүйесі нашар орындарда түрлі қателіктерге жол бермеу үшін түнде құрбандық шалу мәкрүһ болып саналады. Ал жарықтандыру мүмкіндігі жеткілікті жерлерде түнде де құрбандық шалуына береді. Құрбан айтқа арнап алынған мал құрбан айтта бауыздалмаса, малдың өзін сауда ретінде атау қажет.

Үзір себептерге байланысты құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруге болады. Пайғамбарымыздан (саллалаһу алейһи уәсәллам) құрбан шалудың уақытына байланысты бірнеше хадис риуаят етілген. Бәре ибну Азібтің риуаяты бойынша:

«Алланың Елшісі (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын - ісіміз намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге еергені. Ал кімде-кім бұдан бұрын құрбанын шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Бұның құрбан болуы мүмкін емес». Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын», - деп, намаздан бұрын шалынған малдың құрбандыққа есептелмейтінін ескертеді.

#### ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫНҒАН МАЛДЫҢ ЕТІ МЕН ТЕРІСІ

Бай болсын, кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуге болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату - мұстахаб. Бір бөлігі - туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі - кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі - өзінің отбасына, бала-шағасына тиесілі. Бірақ шалынған малдың етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға да болады. Егер құрбандық шалған адам аса дәулетті болмаса және жаңғасында адам саны көп болса онда құрбандықтың етін түгелдей өзінің отбасына да қалдыра алады.

Алла Тағала Құран Кәрімде құрбанның еті турасында былай дейді: «Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі мкіндер мен кедейлерге жегізіндер». Пайғамбарымыздың шалған құрбанының етін қалай таратқандығы турасында Ибн Аббас былай деп риуаят етті: «Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шалған құрбандығының үштен бірін — отбасына, үштен бірін — кедей көршілеріне, қалған үштен бірін садақ ретінде тараттын».

Уәжіп болсын, нәпіл болсын құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақ-басын және сүтін сату - мәкрүһ. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақ ретінде беріледі. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қасаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

Хазірет Әлидің (р.а) былай дегені риуаят етілді: «Алланың Елшісі (саллалаһу алейһи уәсәллам) түйелер құрбандыққа шалынған уақытта басында тұруымды және терілері мен жүндерін тартуымды әмір етті. Олардың ешбір нәрсесін қасап ақысы ретінде беруге маған тыйым салды. «Қасап ақысын біз өзіміз береміз», - деді. Құрбандыққа шалынған малдың терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады.

#### БІРІГІП ҚҰРБАН ШАЛУҒА БОЛА МА?

Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды құрбандық ретінде тек бір адам ғана шала алады. Ал түйе немесе сиыр секілді ірі-қара малдарды бір кісіден жеті адамға дейін бірігіп немесе бір адам жеке өз атынан да соя алады. Құрбандық шалуға біріккен кісілердің барлығының ниеті құрбандық құлшылығын өтеу мақсатында болуы керек. Егер осы адамдардың ішінен біреуі құрбандыққа тек ет алу ниетімен қосылса, барлығының да құрбандығы құрбандық ретінде саналмайды.

#### ТӘШРИҚ ТӘКБІРІ

Бұл тәкбір құрбан айт күндеріне ғана тән. «Тәшриқ тәкбірін» айтылу тәртібі төмендегідей: «Аллаһу акбар, Аллаһу акбар, ләә иләһә иллаллаһу уаллаһу акбар, Аллаһу акбар уә лиллаһил-хамд»

Мағынасы: «Алла Тағала аса ұлық (2 рет), Алладан басқа тәңір жоқ! Алла тағала аса ұлық (2 рет)! Күллі мадақ тек Аллаға ғана лайық!».

Тәшриқ тәкбіріннің уақыты тоғызыншы күні, яғни айттан бір күн бұрынғы «арапа» күні таң намазынан бастап құрбан айттың төртінші күнінің намаздыгер уақытына дейін парыз намаздарының сәлемінен соң айтылады.

#### ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІН ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕМІЗ?

Аллаға шүкір, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей Жарлығымен Құрбан айтты өзімізде ресми тойланатын мейрамдардың қатарына енгізіліп, айттың бірінші күні демалыс болып белгіленді. Парасатты шешім халықтар достығы мен бірлігін нығайта түсуге септігін тигізіп келеді. Біз мұны дәстүрлі дініміз Исламға көрсетілген аса зор құрмет деп білеміз.

Бір күн білімің жақсылап ғұсыл құйынғаннан (денені толықтай жуу) кейін өдемі, таза киімдерің киіп, үстіңе хош иіс сөуіп, мешітке айт намазына бару - мұстахаб (жақсы амалдарға жатады). Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндеттелген жандар құрбандықтарын шалады. Айт күні мұсылмандар көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» айтысады. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, Айтта бір-бірін кешіріскен жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, көмектесе алса көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауатты істерге жатады. Бұған қоса, еке-шешесің, жанұясындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сыяпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдардың жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген жылылықтары мен сыйласымдықтарын барынша арттырады.

#### ҚҰРМЕТТІ МҰСЫЛМАН \ БАУЫРЛАРИ

*Игілік пен бірлік, ізгілік пен мейірімділік мерекесінде жасаған дұға-тілектеріңіз бен сауапты амалдарыңыз қабыл болғай!*  
Құрбан айтта Ұлы Алла тағала барша ниеттеріміз бен тілектерімізді қабыл етсін! Еліміздің егемендігі баянды, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Әмин!  
<https://www.muftiyat.kz/kk> сайты

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ОҚИҒАСЫЗ ӨТКІЗЕЙІК!

Бойынша несие алған тұрғындарға жеңілдіктер беріледі



Жыл басынан бері өңірдегі шаруашылықтарға «Ауыл Аманаты» жобасы аясында 2,5 млрд теңгеден астам несие берілді. Бұл 400-ден астам жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Жалпы ағымдағы жылдың 5 айында 600-ге жуық жобаның құжаттары мақұлданды. Несиелеу барысында басымдық құс, өсімдік, қайта өңдеу және шағын бизнесті жүзеге асыруға бағытталды. Қазіргі таңда қосымша мал шаруашылығын да қаржыландыру қолға алынды»-деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Бағдат Қо-

жамұрат. Жалпы үстіміздегі жылы «Ауыл Аманаты» жобасы аясында 9 млрд теңгеге 1725 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде 2000-нан астам жұмыс орны құрылып, 1471 жаңа кәсіпкер тіркелмек. Атап өтейік, облыста «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие алған отандан астам тұрғын биыл су тасқынынан зардап шеккен. Қазір олардың қарызын өтеу үшін жеңілдік кезеңі белгіленді. Алты адамға несиені үш айға кейінге шегеруге ұсыныс берілген. Бұл шаралар «Ақтөбе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» арқылы жүзеге асырылып жатыр.

Оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп оқушылары жазғы демалысқа шығатыны белгілі. Осыған орай, Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарын және ата-аналарды жазғы демалыс кезінде оқушылардың суға шомылуы кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау керек екендігін ескертеді.

Әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Ересектерсіз суға түсуге, ата-аналардың ересек жастағы адамдардың спирттік ішімдік ішкен күйде суға шомылуға тыйым салынады.

Себебі, жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. Шомылуға рұқсат етілген жерлер бұл: Ойыл өзеніндегі «Тіке» жағажайы.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 103 нөміріне қоңырау шалып медициналық жедел жәрдем шақырту қажет.

Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек. Төменде зардап шеккен су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмек, кейбір әдістер келтірілген. Алғашқы көмек

Ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы,



кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштегі және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді. Белбеулерді, тартпаларды, орамалдарды және т.б. қолдану әдісі:

Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек. Жүрек аймағына әрбір 5-6 басу арқылы жәбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды.

Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жәбірленушіні жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек.

Сонымен қатар биыл да жылдағыдай, ауданымызда мектептер жанынан лагерь ұйымдастырылып отыр. Бұл лагерьлерде балалар ойындар ойнап, жазғы демалыстарын жақсы өткізеді анық. Десек те,

бұл демалыс орындарындағы балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне көбірек көңіл бөлгеніміз абзал. Яғни, ол орындардың өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі, мекеме басшылығы мен өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың, қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі ережелерін қаншалықты дәрежеде орындап отырғандығы маңызды болмақ.

«Тілсіз жау-өрттен» сақтану үшін өртке қарсы барлық шараларды орындау қажет. Өрт кезінде сабыр сақтап, қорқып-саспаған (паника) жөн. Сол сияқты өртте терезенің әйнектерін сындыруға болмайды, өйткені жел соғып өрт қатты өршуі мүмкін.

Өрт кезінде түтіндеген бөлмеде қалған адам, мүмкіндігінше тыныс алу органдарын (мұрнын, ауыз) матамен, бинтпен немесе респиратормен тұмшалап алуы тиіс, бұл улы газдардан, түтіннен қорғауға көмектеседі.

Өту, кіру және шығу жолдары және өрт сөндіру құралдарының орналасқан жері өртүрлі материалдардан, жабдықтардан бос болуы керек.

Өрт сөндіру іс-шараларына байланысты емес барлық жұмыстарды тоқтатып, ғимараттағы тоқ көздерін ажырату керек. Барлық қызметкерлер мен оқушыларды қауіпті аймақтан қауіпсіз жерге шығарып, адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда, дереу оларды құтқару үшін қолдан келген барлық күш пен шараларды қолдану қажет.

Яғни, әрбір ата-ана жазғы демалыс кезінде балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттеріне (бастауыш класс оқушылары) көп көңіл бөлгендері абзал.

Бұнымен айтатын дегеніміз, көшеде, аулада бақылаусыз қалған кішкентай балалар отпен ойнап, өрт оқиғаларының орын алуларына жол беріп жатады.

Мектеп оқытушыларына, ата-аналарға айтарымыз, балалардың қолдары оңай жететін жерлерге сіріңке сияқты өрттің шығуына тікелей әсер ететін нәрселерді қалдыруға болмайды. Сол сияқты теледидарды, жылыту аспаптарын, компьютер және т.б. электр бұйымдарын қосулы күйде бақылаусыз қалдыруға болмайды.

Сөзімізді қортындылай келе, ата-аналар, оқытушылар бәріміз бірігіп, төтенше жағдайлардан, өрттен аман болу үшін балалардан «көз жазбай», орны толмас өкінішке жол бермейік.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

24 МАУСЫМ - СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ДЕРМАТОМИКОЗ - ЖҰҚПАЛЫ ДЕРТ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 қаулысымен 24 маусым - Қазақстан Республикасының кәсіби мерекелер қатары «Судья және сот қызметкерлерінің күні» болып мерекелік күнімен толықтырылды.

Бұл күн кездейсоқ тандалған жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға 1992 жылы 24 маусымда сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Сондықтан, бұл маңызды күн «Судья және сот қызметкерлерінің күні» болып белгіленді.

Сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өз қызметтерінде Республикада сот билігі мемлекеттік билік тармағы және атқарушы билік тар-

мақтарымен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйелері арқылы өзара іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне жүгінеді.

Елімізде сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және төртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Судья Қазақстан Республикасының Конституциясында және жоғарыдағы Консти-

туциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады. Әр бір істі қарау барысында судья екі жақтың өз мүддесін қорғауына теңдей жағдай тұғызып, соттың әділдігіне күмін тұғызбайтындай екі тарапқа тең қарап, заң үстемдігінің үлгісі болатындай шешім қабылдайды.

Судья сот саласының тірегі болса, сотқа келген азаматтарды қабылдап, сұрақтары бойынша бағыт-бағдар беретін сот кеңсесінің мамандары. Сот кеңсесінің жұмысын және іс жүргізуді ұйымдастыратын сот өкімшілігі басшысы болып табылады. Бұл салада еңбек ететін қызметкерлердің міндеттері үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Сот жұмысын пайдалану бағытында «Төрелік» жүйесі, «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі, істерді автоматты түрде бөлу, бейнеконференц байланыс арқылы сот отырыстарын өткізу сияқты көптеген жаңа технологиялар оңды септігін тигізеді.

Дана халқымыз «Билік айту - оңай, біліп айту - қиын» екендігін тегін айтпаған. Бұл қай кезде де билердің білімі мен білігі халықтың жіті назарында болатынын көрсетеді. Халық төреліктен адалдықты, әділдікті, заңдылықты, біліктілікті көре білгенде ғана сотқа сенімі артып, беделдің нығайатыны анық.

Сауле ТАНИМОВА, Ойыл аудандық сотының төрағасы.

ДЕРМАТОМИКОЗ АУРУЫ – АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАР АРАСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ОРТАҚ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУ. ДЕРМАТОМИКОЗ САҢЫРАУҚҰЛАҚ ИНФЕКЦИЯСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ТАЗ АУРУЫНА ӨКЕЛІП СОҚТЫРАТЫН ЖҰҚПАЛЫ ТЕРІ АУРУЫ. АУРУДЫҢ ЖҰҒУ КӨЗІ - АУРУ АДАМ МЕН АУРУҒА ҰШЫРАҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАЛДАРЫ МЕН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ (ИТ, МЫСЫҚ).

2023 жылы аудан бойынша 14 жағдай тіркелді. Барлығы да 14 жасқа дейінгі балалар. Соның ішінде - мектепке барып жүрген оқушылар арасынан 9 жағдай тіркеліп отыр.

Науқас адамның тері қабыршақтары кілемге, еденге түсіп ұзақ уақыт сақталады. Саңырауқұлақтар шашты, тері қабатын, тырнақтарды зақымдайды.

Инфекция науқас адаммен және жануармен тікелей байланыста болғанда, яғни қол алысу, жеке заттар (киім, аяқ киім, тарақ, сүлгілер, маникюр керек жарақтары және т.б.), ортақ заттар (кітаптар, қаламдар, жиһаздар, ойыншықтар) арқылы берілуі мүмкін.

Сонымен қатар шаш алдыру кезінде, тырнаққа маникюр жасау кезінде, моншаға барғанда гигиеналық талаптар сақталмаған кезде жұқтырады.

Аурудың инкубациялық кезеңі (жасырын кезеңі) 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды.

**БЕЛГІЛЕРІ:**

-шашының түсуі, терінің қабыршақталады, бас терісінде бөртпе пайда болады;

-тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабынудан ісінген дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршықтар болуы мүмкін.

Сонымен қатар, науқастардың көпшілігі өз ауруына мән



бермей, басқалардың денсаулығына қауіп төндіре отырып моншаларға, бассейнге, спорт залдарына, шаштараздарға барады.

Ауруды жұқтырудың алдын алу мақсатында келесі қағидаларды сақтауды ұсынамыз:

- теріні таза ұстау
- бөгде адамдардың бас киімдерін, аяқ киімдерін, тарақтарын, төсек-орын жабдықтарын және керек-жарақтарды пайдаланбау;
- моншаға шомылу кезінде жеке бас гигиенасын сақтау;
- қанғыбас мысықтар мен иттермен байланыста болмау;
- жануарлармен байланыста болғаннан кейін, құмсалғышта ойнағаннан кейін қолды сабынмен жақсылап жуу қажет;
- ваннада немесе душта үнемі жуынып тұру (аптасына кемінде бір рет).

- санитариялық қағидаларға сәйкес үнемі профилактикалық дезинфекция жүргізілетін моншаларға, сауналарға, жұзу бассейндеріне, спорт залдарына бару керек екенін білу маңызды;

-сүлгіні жиі жуу, міндетті түрде үткітеу;

- ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларына үйрету, қанғыбас жануарлармен ойнамауды ескерту;

- үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету қажет.

Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қойып, тиісті ем алу үшін медициналық ұйымдарға тексерілу қажет.

Өздігінен емделуге болмайды.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 743 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

## ӘКІМ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ТИІСТІ САЛА БАСШЫЛАРЫМЕН БІРГЕ КЕЗДЕСУІ САРБИЕ, ҚАРАОЙ, КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ. АЛДЫМЕН САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АУЫЛ ӘКІМІ ӨСЕТ КЕРЕВТИ ТАНЫСТЫРЫП ӨТТИ.



Әрі қарай кездесуде аудан басшысы ауданда атқарылған жұмыстармен қатар «Ауыл аманаты» жобасын түсіндіріп, тұрғындарды жобаға қатысуға шақырды. Содан соң ауылға қатысты мәселелерге тоқталды. Ауыл тұрғыны Айсәуір Сұлтанов көктемгі су тасқынынан қорғау мақсатында Қаракөл ауылы іргесіндегі дамбаны көтеру ұсынысын білдірсе, Сарбие ауылының тұрғыны, зейнекер Жалғасбай Сержанов Сарбие ауылына МТЗ тракторымен қамтамасыз етіп, дәрігерлік амбулаториясына жаңа

жедел жәрдем автокөлігін алу керектігін жеткізді. Шешу жолдары бойынша аудан басшысы тиісті мекеме басшыларына, ауылдық округ әкіміне тапсырмалар берді. Жиын соңында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізді. Ауыл тұрғындарымен кезекті кездесу жиыны өткен жұма Ақшатау, Қаракөмер елді мекенінде жалғасты. Ең алдымен аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарлармен бөлісті. Ақшатау ауыл тұрғындары ауылға балалар ойын алаңын

салуды қажеттігін айтса, Қаракөмер ауылының тұрғындары көктемгі су тасқыны салдарынан істен шыққан су беру құрылғысы бағаналарын қалыпқа келтіру керек екендігін жеткізді. Кездесу түстен кейін аудан орталығында мәреге жетті. Негізінен мемлекеттің қазынадан бөлінген қаражаттың күшімен атқарылатын ауқымды жұмыстарға тоқталды. Аудан басшысы тұрғындарды тазалықты сақтауға шақырып, кездесуден соң тұрғындарды жеке сауалдарымен қабылдағанды

## ӨТІРІК ОЛЕНДЕР



Астымда алтын балығым,  
Аспанды шарлап кетемін,  
Қолымда күміс қайығым  
Батпақтан жүзіп өтемін.  
Балық пен қайық керемет  
Барар жерге тез жетет  
Қонысбай Амина,  
4-сынып.

Айда жүрген тауықты,  
Менің анам сауыпты.  
Сүтін оның қымыз ғып,  
Айранда жасап алыпты.  
Бақтыгереева Сезім,  
4-сынып.

Ағаштан жауын жауып тұр,  
Жауыннан құйып тамып тұр.  
Құйындағы қояндар,  
Жаңалықта сөйлеп тұр.

Жарасқызы Айша,  
4-сынып  
жетекшісі Т. Дошаева.

АҚШАТАУ  
ОРТА МЕКТЕБІ

## ЖАСЫЛ ЕЛДІК ЖАСТАР ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА ҮЙЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫСЫНА КӨМЕКТЕСУДЕ

XX ЕҢБЕК МАУСЫМЫНЫҢ 3 КЕЗЕҢІ - МАУСЫМ АЙЫНДА «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАР ЕҢБЕК ЖАСАҒЫНЫҢ 25 САРБАЗЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР ҮШІН САЛЫНЫП ЖАТҚАН ҮЙЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫСЫНА КӨМЕКТЕСУДІ БАСТАДЫ.



Олар құрылысшыларға көмекші ретінде өздеріне белгіленген жұмыстарды атқарады. Айтып өтейік, көктемгі су тасқыны кезінде Ойыл ауданының Қаратал, Екпетал ауылдары зардап шекті. Тұрғындарға жан-жақты қолдау көрсетіліп, әлеуметтік төлемдер төленді. Сондай-ақ, оларға Ойыл ауданы орта-

лығынан дайын тұрғын үйді сатып алуға немесе салынып жатқан жаңа үйлерге қоныстануға мүмкіндік берілді. Бүгінгі күні аудан орталығында және Қаратал ауылында 150-ден астам үйдің құрылысы жүріп жатыр. Бұдан бөлек, өз таңдауымен екінші нарықтағы үйге көшкен отбасылар саны 93-ке жетті.

## ДӘСТҮРЛІ ЖАРЫС - АТА-АНАҒА КҮРМЕТТІН ҮЛГІСІ

ЖУЫРДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ ҚОЖАС ҚАРАБАЛИЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН XVIII ДӘСТҮРЛІ АУДАНДЫҚ ТУРНИР ЖӘНЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ ЖАҢЫЛ БАҚТЫГЕЛДИНА ЕСКЕ АЛУ АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗДАР АРАСЫНДА АУДАНДЫҚ VII-ШІ КУБОГІ ӨТТІ.

Турнирдің ашылуына аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, спорт ардагері Рақым Қарабаев қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Турнирге ерлер командасы 9 команда, аудан әкімдігі, Қандыағаш, аудандық орталық аурухана, Сарбие, Саралжын, Ш.Берсиев, Ж.Жүсіпбаев атындағы қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы, спорт мектебі, қыздар командасы 6 команда Ойыл кәсіптік колледжі, Қайыңды, Саралжын, Сарбие, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы, спорт мектебі қатынасты. Турнир қорытындысы бойынша ерлер командасы III орынды Қандыағаш командасы, II



орынды Ойыл спорт мектебі командасы, I орын Саралжын командасы ие болды. Қыздар командасынан III орын Саралжын, II орын Спорт мек-

тебі, I орын Саралжын командасы иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге мадақтама қағаз, медаль, кубоктар табысталды.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ АУДАНҒА БЕРІЛГЕН КВОТА БӨЛІНДІ

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ПРОКУРОР КӨМЕКШІСІ СӨБИТ МЕНДІБАЕВ, АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СӨНДІБЕК ДАУЛЕТҚАЛИЕВ ЖӘНЕ КВОТА БЕЛГІЛЕНГЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖАУАПТЫ МАМАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІНІҢ «2024 ЖЫЛҒА КВОТА БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ.



Квота белгіленген мекемелер «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік ме-

кемесінің «Ойыл кәсіптік колледжі» мемлекеттік коммуналдық құрылымындағы «Ойыл аудандық «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Ойыл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жол ауылдар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау

басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Кездесу соңында квота белгіленген мекеме басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮЛІКТІК ШЫҒЫНДАРЫН БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ



2024 жылғы 22 сәуірінде 2024 жылғы су тасқыны салдарынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген мүлктік шығындарды өтеу қағидаларын айқындау туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің №18 бұйрығы шықты. Соған сәйкес, аудан әкімінің қаулысымен «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін 2024 жылғы су тасқыны салдарынан зардап шеккен деп тану және мүлктік шығын-

дарды алдын-ала бағалау» жөніндегі комиссия құрылды. Жуырда аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы Нұржау Тұрғамбеков бастаған комиссия мүшелері көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Ойыл ауылдық округінің Екпетал ауылы мен Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округтің орталығы Қаратал ауылының кәсіпкерлік нысандарын аралап, кәсіпкерлердің мүлктік шығындарын алдын-ала бағалау жұмысын жүргізді.

## «НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!» АҚЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы халықаралық күрес күніне орай, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "Темекіні алмаға айырбама!" тақырыбында акция ұйымдастырылды. Акция аясында аудан жастары, Ойыл аудандық ауруханасының ЗОЖ дәрігері Айгүл Майлыбаева және аудандық аурухананың мамандары қатысты. Акция барысында тұрғындар темекілерін қорапшаға салып, орнына алмамен витаминдерге айырбамады. Сонымен қатар аудандық аурухана мамандары тұрғындарға нашақорлықтың зияны туралы ақпараттық парақша таратты.

## ЖАСТАР НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕҢБЕКТЕРІН БІЛДІРДІ

НАШАҚОРЛЫҚ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ. БҮГІНДЕ ДҮНИЕ ЖҮЗІ ОСЫ ҒАСЫР ДЕРТІНІҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ТҮРЛІ ШАРАЛАР ҚОЛДАНЫП, МӘСЕЛЕНІ ШЕШУДІҢ ЖОЛЫН ІЗДЕУДЕ. ЕЛІМІЗДЕ ДЕ НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛІП КЕЛЕДІ.



Өткен апта Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне жастар арасында шағын футболдан аудандық турнир өтті. Бұл іс-шараның мақсаты жастарды салауатты өмір салтына шақыру, есірткіні қолданбау және нашақорлықпен байланысты қылмыстық істерге бармау секілді ойларды қалыптастыру болды. Турнирдің ашылу салтанатына Ойыл аудандық полиция бөлімі басшысының орын-

басары Темірбек Нұрғалиев спортшыларға сәттілік тіледі. Турнирге 8 команда Көкжар, Қымызхана, Ожырай, Ақтөбе, Прайм, Леон, 1996-1997 жылы туғандар, Мәдениет командалары қатысты. Теңбіл допты қарсыластың қақпасына кіргізуге асыққан командалар тартысты ойын көрсетті. Тартысты ойынның нәтижесінде Ақтөбе қаласынан келген «Қандағаш – Жаңа Құрылыс» командасы үшінші орынға ие болса, «Жұманияз» қымызханасы екінші орынға қол жет-

кізді. Жарыстың бас жүлдесі ойылдық Көкжар командасына бұйырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы кубоктар мен медальдар және сыйлықтар табысталды. Ал, спортты серік еткен азаматтар арасынан Ақтөбеден келген Дәулет Орынбаев «Үздік қақпашы» атанса, қымызхана атынан Қуантқан Шеркешбаев «Үздік қорғаушыға» тиесілі жүлдеге ие болды. Көкжарлық Айбол Бисенбин осы турнирдің «Үздік ойыншысы» атанды.